

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Журналистиканың құқықтық негіздері

ЖАРИЯЛАНДЫ
30.09.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/143961/

Заң бойынша журналист (бұқаралық ақпарат құралының өкілі) — БАҚ үшін хабарламалар мен материалдарды жинау, өңдеу және дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

ҚР Конституциясының 20-бабы заңда тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпарат алу және тарату құқығы берілген. Осы бапта Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер тізімі заңмен белгіленетіні айтылған.

БАҚ туралы Заңның 2-бабында сондай-ақ сөз бостандығы, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа және өзге де нысанда білдіру, ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен алу және тарату бостандығына ҚР Конституциясы рұқсат етілгені айтылған.

ҚР заңнамалық актілерінде тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, жазбаларды, оның ішінде аудиовизуалды техника құралдарын пайдалана отырып, видео және фототүсірілім жүргізуге де рұқсат етілген. Бірақ, кейбір жағдайларда суретке түсіруге тыйым салынады (сот процестерін жарықтандыру, ғимарат ішіндегі режимдік объектілерді түсіру және т. б.)

Мысалға, 2022 жылы белгілі блогер Азамат Сәрсенбаевті өлген аққуларды түсіріп, оны жариялағаны үшін айыппұл салынған.

Журналистің шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратуы жанжалды жағдайлар мен сот процестерін тудыруы мүмкін. ҚР Азаматтық кодексінің 143-бабына сәйкес, азамат немесе заңды тұлға, егер мұндай мәліметтерді таратқан адам олардың шындыққа сәйкес келетіндігін дәлелдей алмаса, сотта оның арнамысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді теріске шығаруды талап етуге құқылы.

Сондықтан журналист өз материалдарын жариялау кезінде дәлелдемелерге, тиісті құжаттарға, жазбаларға, фотосуреттерге және т. б. ие болуы керек.

Мысалға, 3 шілдеде Түркістан облысы Сарыағаш аудандық сотының қаулысымен «С-Информ» бас редакторы Амангелді Батырбеков жала жапты деген айыппен 20 тәулікке қамауға алынған.

Заңнаманы және оны журналистикада қолдану тетігін білу, оның ерекшеліктерін, рәсімдерін, тенденцияларын, сондай-ақ журналистің құқықтары мен міндеттерін түсіну БАҚ қызметкерінің кәсіби қызметін едәуір жеңілдетеді. Заңды білу журналистер мен редакцияларға, мақалалар мен репортаждардың кейіпкерлеріне ғана емес, бұқаралық ақпарат құралдарының аудиториясына да зиян келтіретін заң бұзушылықтардың алдын алады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.